

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

№ 153

Жеке тектік қоры
«10» қазан 2003 ж

Кенеев Тохтам 1923 жылы 1 қаңтарда Алматы облысының Панфилов ауданы Көктал ауылында дүниеге келген.

1942 жылы Панфилов орта мектебін бітірген соң әскер қатарына шақырылды. Иркутскідегі артиллеристер дайындайтын кіші командирлер мектебін бітірді. Одан кейін 1086 полктың пулемет ротасында бөлімше командирі болып ұрысқа кірісті. Ржев, Великие Луки, Невель, Смоленск, Витебск, Шауляй, Клайпеда, Кенигсберг қалаларын азат етуге қатысты.

Т.Кенеев 1947 ж сәуірде жеңіспен елге оралды. 1950 жылға шейін Панфилов ауданында атқару комитетінде жұмыс істеді. 1953 жылы Алматы қаласындағы 2 жылдық заң мектебін бітіріп, жолдамамен Оралға келді.

Облыстық кәсіподақтар Советінде юристконсульт болып 1957 жылға дейін істеді. 1970 жылға дейін Фурманов халық сотының судьясы, прокуратурада тергеуші болып қызмет атқарды.

1970-1975 жылдары жымпиты ауданында заң консультациясын басқарды.

1975-1983 жылға дейін аудандық “Қызыл ту” газетінде бөлім меңгерушісі болды.

Зейнеткерлікке шыққаннан соңда еңбектен қол үзбей сақтандыру инспекциясында жұмыс жасады.

ОРДЕНДЕРІ, МЕДАЛЬДАРЫ

III - дәрежелі Даңқ ордені – 1947 ж

Отан соғысы ордені – 1986 ж

“Ерлігі үшін” медалі – 1947 ж және т.б. медальдармен, құрмет грамоталарымен марапатталған. Бұған қоса бес рет бас қолбасшының алғысына ие болған.

Жаратылысынан Т.Кенеевке біткен қасиет-шымшыма шумақтар, сықақтар шығарды. Сықақтары республикалық, облыстық аудандық газетте жарияланды.

Тохтам Кенеев зайыбы Қыздарханмен 7 бала тәрбиелеп, немере-жиен сүйіп, бақытты ата-ана болып отырған жандар.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалының бастығы:

А.А.А.

Ф.Рамазанов